

## Приозерск қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін бекіту туралы

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2021 жылғы 30 наурыздағы № 3/30 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 12 сәуірде № 6296 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 68 бабының 3), 9), 11) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы "Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" № 1054 Қаулысына, "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 18883 болып тіркелген) сәйкес, Приозерск қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 28.10.2021 № 9/78 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).**

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесі 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*С. Попченко*

*Б. Сарсембеков*

Приозерск қалалық  
мәслихатының  
2021 жылғы 30 наурыздағы  
№ 3/30 шешіміне 1 қосымша

## Тұрғын үй сертификатының мөлшері

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 28.10.2021 № 9/78 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).**

1. Қарыз сомасынан 10%, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

2. Қарыз сомасынан 10 % дейін, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

Приозерск қалалық

## Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 28.10.2021 № 9/78 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

| №  | Атауы   |
|----|---|
| 1. | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары   |
| 2. | "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар |
| 3. | Толық емес отбасылар  |